



Дәрістің тақырыбы: «Тарих философиясы»

Дәрістің мақсаты: философиядағы тарих мәні және мақсаты, тарихтың бағыттылығы және қозғаушы күштері жайында пайымдау

Алматы-2024

ДӘРІСТІҢ ЖОСПАРЫ

- 1. Тарих философиялық пайымдау пәні ретінде. Тарих философиясының пәні.
- 2. Тарихтың бағыттылығы, мәні және мақсаты мәселесі.
- 3. Қазіргі заманғы өркениет – ерекшеліктері мен қарама-қайшылықтары.

Тарих философиясын нақтылы төмендегі сұрақтарға жауап беру арқылы түсінуге болады:

1. Тарихты философиялық тұрғыдан түсіну.
2. Уақыт түсінігі мен тарих түсінігі арасындағы байланыс. «Миф» уақыты.
3. Философия кезеңдері бойынша тарихты түсіну (Антика заманы Гесиод; Ортағасыр – Христиан діні, Эсхатология, А.Августин; Д.Вико; Ағартушылық концепция; Тарих философиясы – Г. Гегель; Тарихтың қозғаушы күштері – Марксизм; Тарихтың «сыни» философиясы - В. Дильтей, Г. Риккерт; белдеулік уақыт – К. Ясперс; К. Поппер - антиисторицизм).

Тарих философиясын нақтылы төмендегі сұрақтарға жауап беру арқылы түсінуге болады:

4. Тарихи процестегі революциялық пен эволюциялық бағыттары. Формация мен өркениет. Шығыс пен Батыс өркениеттерінің ерекшеліктері.
5. Өркениеттердің қақтығысы (С. Хантингтон). Біртұтас адамзаттың және әлемдік тарихтың қалыптасу процесі. Қазіргі заманғы өркениет – ерекшеліктері мен қарама-қайшылықтары.
6. Асан Қайғының «Жерұйық» мәселесінің философиялық мәні.
5. Тәуелсіз Қазақстанның философиясы.

Тарих философиясы

- Тарих философиясы тарихи оқиғалар мен процестердің мәнін, мақсатын және бағыттылығын және қозғаушы күштерін философиялық тұрғыдан пайымдайды. Яғни тарих ғылымы өткенді хронологиялық тұрғыдан баяндаса, философия тарихи процесстердің себептері мен салдарын, даму заңдылықтарын және өткеннің бүгін және келешекпен байланысын зерделейді.

Мифтік уақыт. Ертедегілердің уақыт пен тарих жайлы түсініктері

- Тарих философиясы өзінің бастауын антика дәуіріндегі Гесиод пен Фукидит, Геродот еңбектерінен алады.
 - Олар алғашқы болып тарихты, адамзат баласының басынан өткен оқиғалар, олардың себептері, одан адам баоасы қандай сабақ алу керек еді, олардың қайталануы т.б. мәселелерді зерделеді. Бірақ олардың көзқарастары әлі де мифологиялық таныммен байланысты және қарапайым өз заманының өзі көрген, куә болған оқиғаларын баяндаудан тұратын.

Аврелий Августин (354-430 б.д.)

- Тарих философиясын шын мәнінде тереңдеп зерделеу Августиннен басталады. Христиандық тарих философиясының басты өкілі Аврелий Августин (354-430 б.д.). Оның негізгі историософиялық шығармасы «Құдай қаласы туралы» деп аталы. Августиннің ілімінде шындықтың екі түрі ұштасады. Олар уақыт пен мәңгілік. Тарих әрі уақытша, мерзімді, әрі құдай арқылы мәңгілікке жалғанады. Уақытшалық пен мәңгілік Иса пайғамбар Христостың бейнесі арқылы белгіленген.

Джанбатист Вико (1668-1744)

- Тарихты зерттеу пәні ретінде бөлек қарастырғандардың бірі итальян философы Джанбатиста Вико болатын. Оның шағармаларында ұлттардың тарихтары мен арақатынастары арнайы қарастырылған. Грек мифтеріне ұқсатып ол тарихты үш кезең арқылы көрсетеді. Грек мифологиясын зерттегендер бірден оның алғашқы титандар тарихын, олимпиялық құдайлар тарихын және қаһармандардың тарихын байқайды. Вико да өзінің концепциясында осы үш сатыға негізделген, яғни көне, классикалық және қазіргі деп тарихты бөліп қарастырған.

Джанбатист Вико

- Викодан бастап тарих өзі алдына жеке зерттеу пән болып қалыптасты. Оның негізгі шығармасы «Ұлттың үстемдігі жайында жаңа ғылымды негіздеу» деп аталады.
- Осы еңбегінде Вико мифтер мен аңыздарға сүйеніп, адамның иррационалдық табиғатын рационалдық жолмен түсіндіруге тырысқан.
- Вико мен басқа ағартушыларды қызықтырған сұрақ – адамдардың «ақылсыз» яғни көне, дөрекі жағдайдан зерделі жағдайға өтуі. Жалпы ағартушылардың ойынша тарихтың өзі екі күштің күресі – рационалдық және иррационалдық.

Ағартушылар

- Олар рационалдық, прогрессивтік күштің жеңісіне күмәнміз сенген. Ағартушылардың ілімдерінде көптеген қарама-қайшылықтарды кездестіруге болады. Бірақ оған қарамастан орта ғасыр философиясына қарағанда жаңаша көзқарастың пайда болуы бірден көзге түседі. Онда адамзат тарихы адам табиғаты туралы қозғалған мәселелер ұштасып жатады.
- Вико және кейінгі ағартушылар адамның тарихтағы өмірін *ерекше адамдық шындық* ретінде қарастыруға жол ашқан.

И.Г. Гердер (1744-1803)

- Неміс ағартушыларының арасында ерекше орын алатын И.Г. Гердер (1744-1803). Өзінің ілімінде Гердер әләмді тұтас тірі организм ретінде қарастырған. Оның ойынша табиғат, адам және адамзат тарихы сол организмнің бөлшектері.
 - Ал жеке индивдтермен қатар олардың арақатынастарын білдіретін типтер бар. Гердердің басты шығармасы «Адамзат тарихы философиясы тарихы жайында идеялар». Табиғаттың барлық сатысы, барлық бөлшектері бір бірімен байланысты. Адамдар бір жағынан табиғаттың ең жоғарғы сатысында тұрса, екінші жағынан табиғаттан кейінгі әрі жоғары сатының бастамасы дейді ойшыл.

ГЕРДЕР

- Адмның амбиваленттігі яғни оның табиғатының екіжақтылығы оның қарама-қайшылық табиғатын түсіндіруге жол ашады. Туғанынан адам жер бетінде өмір сүретін пенденің бірі. Бірақ оның мәңгілікке де қатысы бар. Гердердің арқасында тарих философиясына «өзгеріс» - атты ұғым еңгізілген.
- Көне грек және ағартушылық ойшылдардың ілімдерінде өзгеріс туралы айтылмаған, керісінше олар барлық тарихи оқиғаларды бір біріне теңістірген. Гердердің пікірінше тарихтың өзі қайталанбас, мерзімді әрі орынды оқиғаларға толы. Тарихта тек алдынала болуға тиісті жағдайлар мүмкін.

Г.В. Гегель

- Бұл ойды жалғастыра отырып, тұтас тарихи философиялық концепцияны Г.В. Гегель құрастырған. Гегельдің ілімінде логика мен тарих «бірігіп» кеткен деп айтуға болады. Ақылға симаған фактілерді тарихқа кіргізіп қарастырудың қажеті жоқ. Тарихтың негізгі субъектісі абсолюттік ақыл, абсолюттің рух болып табылады. Түп мәнінде Гегель ұсынған теорияда христиандық тарих философиясының идеясы жатыр. Тарихтың мәні бостандыққа қол жеткізуде. Көне шығыста бостандық бір адамда, көне грек және рим әлемінде бостандық біренсаранда, ал германдықтар әлемінде бостандық бұһаралықта.

Гегельдің тарих философиясы

- Гегель тарихты үшке бөлді.
 1. Бастапқы немесе алғы тарих. Фукидит пен Геродот.
 2. Рефлексивтік тарих.
 3. Философиялық тарих немесе тарих философиясы.

Рефлексивтік тарих:

- A. жалпы тарихнама.
- B. Прагматистік тарих.
- C. Сыни тарих тарих туралы тарих, бұрынғыларды оқу.
- D. Тарих философиясына өту кезеңі.

Гегель

- Гегель тарихты Шығыстық, Гректік, Римдік және Германдық деп те бөледі.
- Шығыстық тарихты балалық тарихы деп есептейді. Ол жақтан күн шыққанмен Батыста батады.
- Шығыстың күні табиғи күн болса, Батыстағы күн рухани жарық шашқан нұр секілді.

Карл Маркс

Маркс тарихи процесті диалектикалық әдіс арқылы шешуге тырысқан. Оның ілімі диалектикалық материализм деп аталған. Тарихты қарастырған кезде ол бес тарихи әрі экономикалық формацияларды ұсынған болатын. Яғни Маркстің ойы адамзаттық тарих ол Гегельдің абсолюттік рухы емес, қоғамдағы экономикаға негізделген таптық қарама-қайшылықтардың қоғамдық сана арқылы белгілі болған материяның дамуы. Маркстың зерттеушілері оған экономикалық детерминист деп ат қойған. Маркс пен Энгельс қоғамды үнемі өзгерісте болады деп есептеген.

Славянофилдер мен батысшылар

- Тарихи философиялық бағыт батыстықтар мен славянофилдердің еңбектерінде жалғасын тапты. Славянофилдер мен батыстықтар деп ХІХ ғасырдың бірінші жартысында атақты ресей тарихы жайлы болған пікірталастардың арқасында пайда болған бағыттарды айтады.
 - Славянофилдерге А.С. Хомяков, И.В. Киреевский, ағайынды К.С. және И.С. Аксаковтар, Ю.В. Самарин жатады. Славянофилдердің басты ерекшеліктері олардың рационалдық философияның негіздерін сынауда жатыр.

Славянофилдер мен батысшылар

- Мысалы, А.С. Хомяков өзінің «Записки о всемирной истории», «О старом иновом» еңбектерінде Гегельдің рационалдық тарих философиясына альтернативтік ойларын келтірген. Оның ойынша тарихтың мәдени, географиялық әрі этникалық орталығы болу мүмкін емес. Тарихи қозғалыстың екі «бастамасы» болған: ирандық және кушиттік. Барлық елдер өз мәдениеттерін ирандық немесе кушиттік бағытта дамытқан. Сондықтан тарихта «таза» ұлттар әрі «таза» діндер болуы мүмкін емес, олардың барлығы бір бірімен араласып кеткен.

Славянофилдер мен батысшылар

- Славянофилдер Ресейдің өзіндік ерекше тарихи жолы бар деген ойға келген болса, батыстықтар Ресейдің басты мақсаты Батыс Еуропаны қайтседе қуып жету қажет деп есептеген. Олардың қосылған жері, яғни ортақ мәселе, Ресей патшалығын және ресейлік қоғамның кемшіліктерін сынауында болған.

П.Я. Чаадаев (1794-1856)

- Батыстықтар мен славянофилдердің арасында орын алатын П.Я. Чаадаевтың көзқарасы ерекше. Чаадаевтың аты шулы еңбегі ”Философиялық хаттар” деп аталады. Чаадаев үшін мәдени-тарихи процесстің сакралдық мәні бар. Тарихи процесс шын мәнінде рухани процесс. Сондықтан, ресей тарихын сынаған кезде, П.Я. Чаадаев батысеуропалық елдердің дамығандығын католицизммен ұштастырған.

Петр Чаадаев философиялық хаттарында былай деп ашына жазады:

«Россия, Руссия болғалы бері жеке адамның зорлығы мен зомбылығына құмбыл болған ел. Ол дөкейдің ныспысы Петр ме, Иван ба бәрібір. Олардың арманқаруы – қанау. Россия бүкіл адамзат мойындайтын заңдарды, шарттарды, жарғыларды жұла тартып, бұра тартып өзінің мұрат-мақсаттарына жұмсайды. Әсіресе, өзімен қапталдас-жапсарлас өзгелерге құлдықтың қамытын кигізуді мақсат тұтады.

Философиялық хаттар

- Бұл орайда – өзінің де өзгелердің игілігі үшін – Россияны тізеге салған жөн; оған ізгілік пен ізеттің құбыласын нұсқаған жөн. ...Біздің мәдениеттің басындағы қайғылы хал – басқа ұлттар мен ұлыстар әлдеқашан аттап өткен, таптаурын болған шындықтармен жүздескенде жерден жеті қоян тапқандай боламыз. Себебі: біз, ел санатында басқа елдерге етене енгенбіз. Біз адамзат тегінің тексіздеріне де жатуымыз мүмкін. Батыс та, Шығыс та біз үшін – жат ғалам. Біз ұлт ретінде некесіз туған баладай әлемдік тағылымнан тыс қалғанбыз».

Данилевский

- XIX ғасырдың екінші жартысында орыс историософияда славянофилдер мен батыстықтардың жалғасы ретінде Данилевскийдің мәдени-тарихи түрлер туралы ілімі пайда болған. Оның “Россия и Европа” (1869) деген еңбегі жалпы историософиялық ілімге көптеген әсерін тигізген. Бұл шығарма атақты Шпенглердің “Закат Европы” атты кітабінде көтерілген мәселелермен сабақтасады. Бұл еңбекте Данилевский европацентризмді, орыс дәстүрін жалғастыра отырып сынаған. Ол тарихи процесті бірғалыпта қарастыруға болмайды. Адамзат тарихының әр түрлі ошақтары болған. Олар ұлы өзендердің бойында қалыптасқан: Нил, Тигр және Ефрат, Янцзы, т.б.

Владимир Соловьев

- Орыс философиясының ең ірі ойшылы Владимир Соловьев. Соловьевтің көзқарасына әсер еткен алғашқы славянофилдер мен Григорий Сковорода ілімдері. Соловьевтың ойынша адамзаттық тарихта үш тарихи әлем бар: мұсылмандық шығыс, батыс өркениет және славяндық әлем. Тарихтың өзі рухани процеске жатады. Славяндық әлемнің тарихтағы орны ерекше. Оның атқаратын міндеті бір-біріне қарамақарсы келетін батыс және мұсылман әлемдерін ұштастыру. Жалпы Соловьевтің тарихи-философиялық ойлары оның соңғы кезеңде жазылған “Три разговора” атты еңбегінде айтылған.

Лев Гумилев

- Орыс ойшылдарының ізін басып тарихты ерекше ілімге айналдырған Лев Николаевич Гумилев.
- Гумилевтің негізгі шығармасы “Этногенез и биосфера Земли” деп аталады. Ондағы басты идеяны бір сөзбен айтқанда, адамзат тарихын жер бетіндегі әрі барлық ғарыштың, табиғаттың тарихынан бөліп қарастырудың нәтижесі аз. Гумилевтің ілімінде Чижевский, Вернадский атты ойшылдардың ғылымда ашып кеткен жаңалықтар мен тарихи, қоғамтану ғылымдарымен байланысты тапқан сияқты. Кезінде Дж. Виконы қызықтырған ұлттар тарихы Гумилевтің ілімінде “этногенез” теориясына айналған.

Этногенез

- Этногенез — этностардың (ұлттардың) пайда болуы пассионарлық жарылысқа байланысты. Пассионарлық жарылыс күн бетінен жерге түскен радиациялық энергияға тәуелді. Бұл заңдылықты алғашқыда “Земное эхо солнечных бурь” атты еңбегінде А. Чижевский жазып кеткен. Бұл заңдылық бойынша тарихи, әлеуметтік төңкерістер күн бетіндегі процестерге тікелей қатысы бар. Гумилевтің ілімінде қызықтыратын оның тарихты ерекше бейнелеу және түсіндіру мәнінде.

Ясперс, Тойнби

- Философияның жеке бағыты ретінде тарих философиясы ХХ ғасырда толығымен қалыптасты. Оған себеп болған ХХ ғасырдың тарихи өзгерістер мен дағдарыстар деп айтуға болады. ХХ ғасырдың ең маңызды ілімдердің авторлары К. Ясперс (1883-1969) пен А. Тойнби (1889-1975). Ясперс ұсынған тарихи концепцияның негізгі ұғымы “осевой время” деп аталады. Осевое время деп Ясперс тарихтың белгілі кезенді атаған. Бұл кезен біздің дәуірімізден бұрын жетінші ғасырда басталып Христос дәуірінде аяқталады. Оның белгісі ретінде барлық рухани, діні, ғылыми, философиялық ілімдердің пайда болуын келтіреді. Мәдениеттің белгілі ошақтары Көне Үнді, Қытай және Грек елдері саналады.

Ясперс, Тойнби

- Ясперс үшін тарихтың өзі тұлғалардың шығармашылық қабылетінің нәтижесі. Тарихи тұлғалар алға ұмтылып, соңынын көпшілікті ерте жүреді. Тарихи тұлғалардың қатарына Ясперстің ойынша Христосты, Будданы, Конфуцийді, Пифагорды қосуға болады. Сондықтан тарихи процессті Ясперс адамның рухани өмірімен теңістірген. Ұқсас пікірді А. Тойнбидің ілімінде көруге болады. Табиғи өзгерістерге қарағанда тарихи өзгерістердің негізінде рухани процестер жатыр. Жекпе-жекке шақырғандай, әлемнің өзі адамдардың алдына мақсат қояды. Әрбір өркениет сол мақсатты орындауға талпынады. Бұл талпынысқа ілікпеген халықтар тарихтың тасасында қалыпқояды. Жалпы ХХ ғасырдың тарих философиясының қойған негізгі мәселесі тарихтың және тіршіліктің коммуникативтік мәні.

Сэмюэл Филлипс Хэнтингтон (1927-2008)

Әлемге әйгілі
американдық
саясаттанушы ғалым,
өркениеттердің
этномәдени бөлінісін
зерделеген айтулы
«Өркениеттер
қақтығысы?»
мақаласының авторы.



Сэмюэль Хэнтингтон

Сэмюэль Хантингтон "Өркениеттер қақтығысы"

"Өркениеттер қақтығысы" американ саясаттанушысы Сэмюэль Хантингтонның өркениеттік күйреу туралы тұжырымдамасы. Алғаш рет бұл тұжырымдама 1993 ж. Хантингтонның "Өркениеттер қақтығысы" мақаласында келтірілді, қысқа мерзім ішінде бірне шет тілге аударылып, қызу пікірталас тудырды.

Кейінірек С.Хантингтон мақаласының негізгі идеялары оның "Өркениеттер қақтығысы және әлемдік тәртіптің шегі" (1996) атты кітабында одан әрі өрбітілді.

Хантингтонның өркениеттер жіктеуі

- Өркениеттер объективті тұрғыдағы, тіл, әдет-ғұрып, дін, институттар сияқты ортақ белгілердің, сондай-ақ адамдардың субъективті өзара бірегейлігінің болуымен сипатталады. Осы орайда ол қазіргі әлемдегі келесідей өркениеттерді көрсетеді: *батыстық, конфуциандық, жапондық, исламдық, индуистік, православиелік, славяндық, латынамерикандық және африкандық.*

Өркениеттер қақтығысы

- Автордың пікірінше, қырғи-қабақ соғыс аяқталып, кеңестік одақ қирағаннан кейін, қазіргі әлемдегі қайшылықтардың жаңа торабы жоғарыда аталған өркениеттердің арасында болады. Жаһандану процестері адамдардың дәстүрлі бірегейленуін ағын судай шайып бара жатса, бұл түпкі ұлттық тамырға қайта оралуға талпынып, кері реакция тудыруда. Бұл әсіресе, діни фундаментализмнің қайта өрлеуінен көрініс табуда (исламдық, конфуциандық, шығыс-православиелік және т.б.).